



Шәкірттерін мақтан тұтады

Спортқа құштарлықты бала күнінен жүрегіне ұялатқан адам оны өмір бойы өзіне серік етеді. Лебязжі кентінде туған Азамат әке-шешесінің Екібастұз қаласына қоныс аударғанына өкінбейді. Өйткені ол мектеп табалдырығын аттаған тұста таеквондо спортымен шұғылдана бастады. Ал спортқа деген қызығушылығын оятқан - әкесі Бекболат Машрапұлы. Полицияда қызмет істейтін әкесі кішкентай ұлын жаттығу залына ілестіріп апарып жүрді. Тәртіп сақшылары мұнда самбоның әдіс-айлаларын меңгеруші еді. Бұлшық еті ойнаған шымыр жігіттерге қараған бала «мен де осылар тәрізді қайратты болып өссем» деп тәтті қиялға берілді. Арманның адамды алға жетелейтіні белгілі, Азамат №15 мектептегі (қазіргі №2 мектеп) таеквондо секциясына жазылған күннен бастап алғашқы жаттықтырушысы Сергей Михайлович Николюктің ақыл-кеңесіне ықыласпен құлақ түріп, айтқанын бұлжытпай орындауды дағдыға айналдырды. Ол уақытта таеквондо біздің елде беймәлім, енді-енді тарай бастаған спорт түрі болатын. Жалпы, шығыс жекпе-жегі саналатын таеквондо Кореяда шыққан. Сол елде мықты жаттықтырушылар да көп. Ал мықты мамандардың үйретері де көп болады. Осы жайды ескерген С.М. Николюк шеберлік сабақтарын өткізу үшін Кореядан Ли Хен Гук, Ли Чон Жи атты бапкерлерді Екібастұзға шақыртады. Бала Азаматтың жаттығуларда төккен тері өз жемісін бере бастап, 1995 жылы жасөспірімдер арасында 44 келіге дейінгі салмақта ел чемпионы атанды. Кейінгі жылдары бірқатар халықаралық турнирде жүлдегерлер

қатарынан көрінді.

Азамат Шакилов Қазақстан-Ресей университетінен заңгер мамандығын алған соң Екібастұз қаласы әкімінің мәдениет және спорт бөліміне қызметке орналасты. Жас жігіт қызметіне қоса №1 БЖСМ-де балаларды жаттықтыруға да кірісті. Мұнда спортсүйер қауымға есімі жақсы таныс жаттықтырушы Василий Викторович Лисачев еңбек ететін. Азамат әйгілі бапкерден жаттықтырушылықтың қыр-сырын үйреніп, құпияларына қанықты. 2005 жылы жас бапкердің шәкірті Тұрлыбек Зайырбек ел чемпионатында жүлдеге қол жеткізді. Осы табыс Азаматтың жүрегіне «менен бапкер шығады» деген сенім ұялатып, ол біржола жаттықтырушылық қызметке ауысты.

Міне, Азамат Шакилов балаларды баптап жүргелі он жылдан астам уақыт өтті. Сол жылдар аралығында білікті бапкер еліміздің абыройын аспандатқан қаншама шебер спортшыларды даярлады. Алтыншаш Ажахметова 2012 жылы Азия чемпионы болып, алтыннан алқа тақты. Айсұлу Қайырбай әр жылдары Азия чемпионатында екі мәрте қола медаль олжалап, әлем чемпионатына қатысып, 5-орынға табан тіреді. Биылғы жылдың наурыз айында Алматы қаласында ел чемпионаты өткізілді. Арман Шакиловтың шәкірттері байрақты жарыста жүлдегерлер сапынан көріне білді. №2 қазақ мектебінің оқушылары Сапар Әлімхан мен Назым Әнешова жүлделі II орынды, Диана Әбдрахманова (№17 мектеп) мен Владимир Септ (№ 5 мектеп) жүлделі III орынды жеңіп алып, жаттықтырушы еңбегін ақтады. Аты-жөндері аталған төрт таеквондошының Қазақстан құрама



командасы сапына іріктеліп алынғаны да бапкердің мәртебесін арттыра түсті. Таеквондоның ITF нұсқасы бойынша IV дан иегері Азамат Шакилов бүгінде Павлодар облысы бойынша федерация президенті, аға жаттықтырушы.

- Биылғы жылдың бірінші тоқсанында бірқатар ресми турнир өткізіп үлгердік. Ақпан айында ересектер мен жеткіншектер арасында Қазақстан Кубогы жарысы біздің қалада өтті. Оған үш жүзден астам спортшы қатысты. Одан кейін Петропавл қаласында халықаралық турнир әрі кадеттер арасындағы ел чемпионаты жалауын көтерді. Дүбірлі додада Павлодар облысы құрама командасы он екі жүлделі орынды жеңіп алса, соның он бірі менің шәкірттерімнің еншісінде. Енді мамыр айында Қарағанды қаласында 14-15 жастағы балалар арасында Қазақстан чемпионаты өткізіледі. Осы чемпионатта көрсеткен нәтижелеріне қарай Италияда өтетін әлем чемпионатына қатысуға

спортшылар іріктеледі. Біздің қаламызда шебер таеквондошылар жеткілікті. Бабы мен бағы қоса шапса, топ жарушылар қатарынан көрінуі тиіс. Жалпы, менің өзім 110 баланы жаттықтырып жүрмін. Олар негізінен №1 БЖСМ-ға қарасты филиалда дайындалады. Филиал №2 қазақ мектебінің бір қанатында қоныс тепкен. Спорт мектебі басшыларының қолдауымен жас спортшыларға қолайлы жағдай жасалған. Сонымен бірге, шәкірттерімнің ата-аналарына да ризашылығымды білдіремін. Әдетте жарысқа шығу шығынын көтеріп, балаларының шеберлігін шыңдауына мүмкіндік туғызады, - дейді әңгіме үстінде Азамат Шакилов риза кейіппен.

Жүздеген баланың таеквондомен айналысуына себепкер болып, алғысына бөленген Азамат Шакиловтың өзі де өмірдегі орнын спорттан тапқанына дән риза.

Ж. СӘДУАҚАС